

«Атмосфералық  
ауаны қорғау»  
туралы заңның  
Қазақстанда  
сақталуы

*Орындаған Халимсапиев С.Р.  
Топ\_ЭКо 15-2  
Тексерген Баймуратова А. Ж.*

# Жоспар

- Қоршаған орта
- Экологиялық мәселелер түрлері
- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар
- Пайдаланылған әдебиеттер

# Экология ғылымына кіріспе.

Экология терминін ғылымға 1866 жылы неміс биологы Эрнст Геккель енгізген. Экология тірі организмдер мен қоршаған ортаның тығыз байланыста, қарым қатнаста тіршілік ету жайындағы ілім. Қазіргі кезде адамның қоршаған ортамен қарым- қатнасы ерекше маңызға ие болып отыр. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі және көптеген елдердің индустриалды дамуы табиғи ресурстарды пайдалануды еселеп арттырып, адамның табиғатқа әсерін көлемін өсіре түсуде. Соңғы жылдары пайдалы қазба қорларының азаюы, жер бетінен өсімдік және жануарлар дүниесінің көптеген өкілдерінің жойылуы, және табиғи ортаның шектен тыс ластануы айрықша белең алып отыр. Сондықтан жыл сайын жерлерді суландыру. Ормандарды қалпына келтіру, топырақтың құнарлығын сақтау және топырақ эрозиясына жол бермеу төңірегіндегі жұмыстар кең көлемде жүргізілуде.

# Қоршаған орта

- **Қоршаған орта табиғи объектілердің**, өзара қарым қатнастағы атмосфералық ауаны, жердің озон қабатын, суды, топырақты, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай ақ климатты қоса алғанда жиынтығы.
- **Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз** жеке дамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай күйі.
- **Қоршаған ортаны қорғау** табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі.
- **Қоршаған ортаның ластану** қоршаған ортаға ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай ақ қоршаған ортаға шудың, тербелістің физикалық әсері.
- **Қоршаған ортаны пайдалану** дегеніміз адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалану.
- **Табиғи ресурстар дегеніміз** бұл қоғамның материалдық мәдени және басқа қажеттіліктерін қамтамасыз ету процесінде пайдаланылатын құрамдас бөліктер.

# Экологиялық мәселелер: түрлері

- Бүгінгі таңда адамзат табиғатты игеруде, ғылым мен техниканың дамуында ғаламат табыстарға жетті.
- Екінші жағынан өркениеттің дамуымен қатар биосфераның тұрақсыздануы және қоршаған ортаның, табиғи жүйелердің тозу қауіпі туындап отыр. Соның салдарынан барынша шиеленіскен
- Жаһандық
- Ұлттық
- Жергілікті экомәселелер қалыптасты.

# ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.

- Семей;
- Арал;
- Каспий;
- Су ресурстарының сарқылуы және ластануы;
- Байырғы ластанулар;
- Трансшекаралық сипаттағы мәселелер;
- Әскери ғарыш және сынақ кешендері полигондарының әсері

# Арал теңізінің экологиялық ахуалы.

- Арал теңізі қазақстанның інжу маржаны, шөл белдеміндегі бірден бір көгілдір су айдыны еді. Оның апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі -1066км<sup>2</sup> тереңдігі 30-60 метр, тұздылығы 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50 150 мың балық ауланса, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген. Арал өңірінің тұрғындары 1970 жылдарға дейін әлеуметтік экономикалық тұрғыда жақсы қамтамасыз етілген тіршілік кешті. 1960 жылдан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Арал теңізін құтқару жөніндегі бірнеше ғылыми болжамдар мен жобалар бар:
  - Сібір өзендерін Қазақстанға бұру.
  - Әмудария мен Сырдария өзендерінің суын реттеу арқылы суды молайту.
  - Арал теңізін жартылай сақтап қалу.
  - Каспий теңізінің суын жасанды канал арқылы әкелу.
  - Жер асты суларын пайдалану.
  - Арал теңізінің өздігінен табиғи реттелуін немесе толысуын күту.
- “Арал тағдыры адам тағдары” болғандықтан оны сақтап қалу аға ұрпақтың болашақ алдындағы борышы.

# Арал теңізінің қысықаруы





# Каспийге мұнайдың төгілуі



# Соның әсерінен ластануы!




Қалада өнеркәсіптердің көбеюі!



# Топырақ экологиясы

Қазақстанның барлық жер көлемі 2724.9мың км<sup>2</sup> Жер қорымыздың көлеміне өте үлкен болғанымен оның сапасы соңғы жылдары күрт нашарлап отыр. Жерді дұрыс пайдаланбау салдарынан топырақ деградацияға ұшырап, құнарсыздану, шөлге айналу процестері күшейе түсуде.





Жер шарында өсімдіктердің 500 млн. Астам түрлері бар. Жыл сайын ғылыми лабораторияларда олардың бірнеше жаңа түрлерін өсіріп шығарады. Өсімдік жер шарының өкпесі деп бекер айтпаған. Орман қоры жер шары бойынша жылдан жылға азая түсуде. Республикамызда ормандар аз және олардың жағдайы мәз емес. Оның негізгі себептері адам факторы, өрт, ауа райының өзгеруі мен айнала қоршаған ортаның ластануы.

Орманды қорғау біздің міндетіміз. Орманды жерге саяхат жасағандағы ең қауіптісі өрт. Өрт көбінесе адамдардың жіберген ағаттығынан болады. Орманның өрттен басқа да жаулары бар. Олар орман зиянкестері кемірушілер, ұсақ жәндіктер, өсімдік аурулары, паразиттер. Қазақстан бойынша орман қоры аумағының алып жатқан жер көлемі 25.6млн.гектар болып, республика жерінің 9.7 пайызын құрайды. Қазір ел экономикасының дамуы айтарлықтай дәрежеге көтерілуіне байланысты бұл жұмыстар болашақта өз кемеліне келіп, дұрыс жолға қойылуна күмән келтіруге болмайды.

# Экологиялық заңдар

- Экологиялық құқықтық нормативтік актілердің ішінде халықаралық құқықтық нормативтік актілер ерекше орын алады.
- Қ.Р Конституциясының 4- бабы 3-тармағында Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады.
- Қ.Р Конституциясының 6-бабы 3тармағы: Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқада табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.
- Қ.Р Конституциясының 31- бабы, 1-тармағы: Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.
- Қ.Р Конституциясының 38-бабы : Қ.Р азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

# Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы заңды жауаптылық

- Заңды жауаптылық дегеніміз құқыққа қарсы жасаған әрекеті үшін құқық бұзушыға қолданылатын, белгілі бір мүліктік және жеке сипаттағы зиян шектіретін мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары.
- Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы заңды жауаптылықтың түрлері. Экологиялық құқық бұзушылық өзінің құрамына қарай:\
- Әкімшілік және тәртіптік теріс қылық немесе қылмыс болуы мүмкін. Жасалғаны үшін әкімшілік, тәртіптік және қылмыстық сияқты жауаптылық туындайды. Сонымен қатар келтірілген залал, зиян нұсқан үшін азаматтық құқықтық және материалды жауаптылық туады.
- Тәртіптік жауаптылық еңбек саласы, қызмет бабы, лауазым дәрежесі мен тығыз байланысты. Экологиялық құқық бұзушылық немесе қоршаған ортаға бағытталған теріс қылығы үшін қызметкерге жаза түрінде қолданылытан санкцияны тәртіптік жауаптылық дейміз.

# Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы

## ҚЫЛМЫСТЫҚ жауаптылық

- ҚР ҚК-нің 2 бабында көрсетілгендей Қылмыстық кодекстің міндеттеріне адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғау жатады.
- Қылмыстық кодекстің шоғырланған табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға байланысты қылмыстарды үш үлкен санаттарға бөлуге болады:
  - Арнайы
  - Аралас
  - Қосымша



## Арнайы экологиялық құрам

- Қ.Р ҚК нің 11 тарауында Экологиялық қылмыстар деген атпен (277-294 баптар) шоғырланған. Бұлар таза экология саласындағы қылмыстар. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызметпен араласу құқығынан айырып не онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
- 278- бап Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
- 281- бап. Суларды ластау, бітеу және сарқу жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшеріне айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгі бір лауазымды атқаруға, не бір жылға дейінгі мерзімде түзеу жұмыстарына, не үш айға дейінгі мерзімге қамауға жазаланады.

# Қосымша экологиялық құрамды.

- Бар экологиялық қылмыстарға мемлекеттік билікке қарсы, мемлекет қызмет саласындағы және мемлекеттік құпиялармен байланысты қылмыстарды жатқызуға болады. Қ.Р Қылмыстық кодексінің 39 бабына сәйкес экологиялық қылмыс жасалғаны үшін төмендегідей жазалар тағайындалады:
- Айыпшұл салу
- Белгі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысуы құқығынан айыру;
- Қоғамдық жұмыстарға тарту;
- Түзеу жұмыстары;
- Әскери қызмет бойынша шектеу;
- Бас бостандығын шектеу;
- Қамау;
- Тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- Бас бостандығынан айыру;
- Өлім жазасын қолдануы мүмкін.

## Экологиялық проблемаларды шешу жолдары.

Жер шарындағы экологиялық жағдай күннен күнге шиеленісе түсуде. Бұрын соңды болмаған саяси әлеуметтік, экономикалық даму үрдістерінен өзіне ыңғайлы бағыттарын таңдап, тығырықтан шығу жолы іздестірілуде. Көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өнімдерінің тазалығына сараптама жасау 1980 жылдан бастап ақ қолға алынған. Өйткені химиялық тыңайтқыш арқылы алынған өнімдер әлдеқайда арзан, ал таза өнімдердің бағасы жоғары болып келеді. Мұндай экономикалық сараптау адамдардың денсаулығына тигізетін әсеріне жасалған қорытынды деп түсіну керек.

# Осындай болмауы керек



Кішкентай балдарға қазірден бастап  
табиғатты аялауды үйрету керек!



# Тұжырым

- Сонымен, қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлықтарды ұлғайту және сақтау, оларды тұрақты әрі тиімді пайдаланумен қатар қоршаған ортаны өндіріс қалдықтарынан, өндірістен шыққан шайынды сулардан, улы химикаттардан мен басқадай түрлі қалдықтарымен ластануға жол бермеуге қоғам болып бір адамдай жұмылып қызмет жасау керек.
- Екіншіден осы мақсатқа бағытталған мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер мен заңдар, халықаралық, мемлекет аралық келісімдер, конвенциялар, шарттардың кешендік жиынтығы.
- Мемлекеттік заңдар мен халықаралық келісімдерге сәйкес қазіргі және болашақ ұрпақтардың пайдасы үшін қоршаған ортада түрлі табиғат қорғау шараларын жүргізуде әрбір көкірегі ояу “елім менің жерім менің” деген адам ат салысу керек!

# Пайдаланылған әдебиеттер

- Г.С. Оспанова, Г.Т Бозшатаева, “Экология”, Алматы-экономика 2002ж
- Ә.Бейсенова, А.Самақова, Т.Есполов, “Экология және табиғатты тиімді пайдалану”.
- М.Н Биғалиева , “Аралым-арым, Балқашым-бағым”
- Ұ.Б Асқарова, “ Экология және қоршаған ортаны қорау”, Алматы 2007ж
- А.Ж Жақбосова, Г.Ә Саинова “Экология”, Алматы 2003ж
- Журнал “Қазақстан экологиялық бюлетень” , Алматы 2002ж
- Интернет жүйесі